

Орта кәсіптік білімді мамандар даярлаудың 2004-2005 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімиятының 2004 жылғы 29 шілдеде N№187 қаулысы. Жамбыл облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 3 қыркүйекте N 1436 тіркелді. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

Еркерту. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы 31 бабының 10 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы " Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы " N 721 және 2002 жылғы 11 қарашадағы " Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы " N 1188 қаулыларын орындау үшін облыс әкімияты ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Орта кәсіптік білімді мамандар даярлаудың 2004-2005 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін (1 қосымша).

2. Облыстық бюджеттен қаржыландыруды талап етпейтін орта кәсіптік білімді мамандар даярлаудың 2004-2005 оқу жылына арналған қосымша мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін (2 қосымша).

3. Облыс Әкімінің білім басқармасы (Б.Ш. Егембердиева):

белгіленген тәртіппен орта кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орта кәсіптік білім беру ұйымдарына орналастырсын;

оның орындалуын 1 қосымшаға сәйкес 2004 жылға арналған нақтыланған облыстық бюджетте білім беру ұйымдарын ұстауға арналған шығыстар шегінде қамтамасыз етсін.

4. Бекітілген білім беру тапсырысы шегінде квоталар белгіленсін:

9 сыныптан кейін түсетін жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар үшін ең кемі 5 пайыз;

ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын мамандықтарға түсетін ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін - 30 пайыз;

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін - 2 пайыз.

5. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 27 мамырдағы "Орта кәсіптік білімді мамандар даярлаудың 2004-2005 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы»N 132 қаулысының күші жойылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары К.М.Демешке жүктелсін.

Облыс Әкімі

Б.Жексембин

О б л ы с

ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 9

–

ш і л д е

"Орта

кәсіптік

білімді

мамандар

даярлаудың

2004-2005

оқу

жылына

арналған

мемлекеттік

білім

беру

тапсырысын

бекіту

туралы "

N 187 қаулысына 1 қосымша

Орта кәсіптік білімді мамандар даярлаудың 2004-2005 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

N№№	Мамандықтардың атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	
		барлығы	оның ішінде сырттай оқыту
1	Ветеринария	50	-
2	Фермер шаруашылығын ұйымдастыру және жүргізу	25	-
3	Агрономия	25	-
4	Ауыл шаруашылығын механикаландыру	25	-
5	Жерге орналастыру	35	-
6	Кітапхана ісі	20	-
7	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	10	-
8	Есептеу техникасы мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламамен қамтамасыз ету	45	-
9	Киімдерді құрастыру және модельдеу	20	-
10	Нан пісіру, макарон және тәтті тағам өндірісінің технологиясы	10	-
11	Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит	100	-
12	Дене тәрбиесі	30	-
13	Мұнай мен газ кен орындарын пайдалану	50	-
14	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	55	-
15	Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнер	19	-
16	Банк ісі	50	-
17	Бастауыш сыныптарда оқыту	40	-
18	Қазақ тілі мен әдебиеті	25	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК